

© НАО «Талар», 2026

Осы құжат авторлық құқық объектісі болып табылады.

Құқық иеленушінің жазбаша рұқсатынсыз пайдалануға, көшіруге, көбейтуге, таратуға, өзгертуге және үшінші тұлғаларға беруге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тыйым салынады

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен
кейінгі білім беру мәселелері жөніндегі
Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің
шешімімен**

МАҚҰЛДАНҒАН ЖӘНЕ БЕКІТІЛГЕН

2026 жылғы 1 сәуір № 1 хаттама



**ТЖКБ жүйесінде инклюзивті білім беру бағдарламаларын іске асыру
бойынша бейімделген сабақтардың үлгілік модельдері мен практикалық
құралдарын әзірлеу және оларға қатысты әдістемелік ұсынымдар**

Мазмұны

Кіріспе	3
1-бөлім. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың ұйымдастырушылық-құқықтық және әдістемелік негіздері	4
1.1. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қабылдау және сүйемелдеудің нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі	4
1.2. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге арналған оқу сабақтарын бейімдеудің модельдері	10
2-бөлім. Инклюзивті білім беру үдерісін қамтамасыз етудің құралдары мен ресурстық базасы	16
2.1. Инклюзивті білім беру үдерісін жүзеге асырудың тиімді тәжірибелік құралдары	16
2.2. Инклюзивті білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ететін заманауи цифрлық және дидактикалық материалдар	18
3-бөлім. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған жеке оқу жоспарын әзірлеу және оның мазмұндық құрылымы	24
3.1. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған жеке оқу жоспарын әзірлеудің ұйымдастырушылық негіздері	24
3.2. Жеке оқу жоспарының құрылымы мен мазмұны	26
3.3. Жеке оқу жоспарын іске асыру мониторингі және оқу нәтижелерін бағалау	29
4-бөлім. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуды іске асырудың нәтижелілігі мен сапасын бағалау	30
4.1. Инклюзивті білім беру үдерісінің сапасын кешенді бағалаудың тиімді құралдары	30
4.2. Құзыреттер картасы	31
Қосымшалар	34

Кіріспе

Ұсынылып отырған «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру бағдарламаларын іске асыруға арналған бейімделген сабақтардың үлгілік модельдері мен тәжірибелік құралдары бойынша әдістемелік ұсынымдар» Қазақстан Республикасы колледждерінде инклюзивті білім беру тәжірибесінің базалық моделін қалыптастыру мақсатында әзірленді. Құжат техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі педагогтерінің он жылдан астам жинақталған тәжірибелік тәжірибесін қорытындылау негізінде дайындалып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді оқытуға арналған бірыңғай ұйымдастырушылық-әдістемелік тәсілдерді қалыптастыруға бағытталған. Әзірленген әдістемелік ұсыным техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқытуға арналған тиімді педагогикалық тәсілдер, бейімдеу және орынды түзетулер бойынша бұрынғы әдістемелік ұсынымдардың мазмұндық және әдіснамалық жалғасын құрайды және келесі бағыттарды іске асыруға бағдарланған:

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар жастарға олардың жеке ерекшеліктері мен физикалық және зияткерлік даму жағдайына сәйкес келетін мамандықты таңдауда сапалы қолдау көрсету;

- колледж жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктерін айқындау және бағалау;

- жеке оқу жоспарлары мен бағдарламалары негізінде инклюзивті білім беру ортасында оқытуды ұйымдастыру;

- ассистивтік технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын қолдану арқылы оқу-тәрбие үдерісіне қолайлы жағдайлар жасау;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың жұмыспен қамтылуына және кәсіби қалыптасуына бағытталған білім беру жетістіктерінің мониторингін жүзеге асыру.

Құжат ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды оқытуды ұйымдастырудағы педагогикалық тәжірибе мен заманауи тәсілдерді ұштастыра отырып, колледж жағдайында қолдануға бейімделген инклюзивті жұмыстың құрылымдық моделін ұсынады.

Әдістемелік ұсынымдар нәтижеге бағдарланған, жүйелі әрі бірізді түрде жүзеге асырылатын ортақ әдістемелік негізді қалыптастыруға бағытталған.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру бағдарламаларын іске асыруға арналған бейімделген сабақтардың үлгілік модельдері мен қолданбалы құралдары бойынша әдістемелік ұсынымдарды енгізу инклюзивті білім беру тәжірибесінің дамуына ықпал етеді. Бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар жастардың еңбекке орналасу мүмкіндіктерін кеңейтіп қана қоймай, олардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуына жағдай жасайды. Сонымен қатар, қоғамның ізгіленуіне және тең мүмкіндіктер мәдениетінің қалыптасуына оң әсерін тигізеді.

1-бөлім. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың ұйымдастырушылық-құқықтық және әдістемелік негіздері

1.1. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қабылдау және сүйемелдеудің нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі

Білім беру жүйесінде инклюзивті тәжірибенің кеңінен енгізілуі нәтижесінде, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың саны мен даму ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы білім беретін мектептерде, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында физикалық немесе психикалық даму ерекшеліктері ұқсас білім алушылар үшін арнайы сыныптар мен топтарды ұйымдастыру тәжірибесі қалыптасты. Аталған тәжірибе «Білім туралы» Заңда бекітілген 4-тарау, 13-баптың 2-тармағы «Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін арнайы оқу бағдарламалары әзірленеді» және 9-тармағы «Білім беру ұйымдары ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды (балаларды) оқыту үшін білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке даму ерекшеліктері мен әлеуеттік мүмкіндіктеріне сәйкес білім беру бағдарламаларын бейімдейді» нормалар негізінде қалыптасты. Сондықтан қазіргі таңда колледждерде зияткерлік дамуында ерекшеліктері бар білім алушыларға арналған арнайы топтар кеңінен ұйымдастырылуда. Бұл — мүмкіндігі шектеулі жасөспірімдерді білім беру үдерісіне интеграциялаудың педагогикалық тұрғыдан негізделген және тиімді жүзеге асырылып отырған нысандарының бірі болып табылады.

Алайда техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі мектеп жүйесінен айтарлықтай ерекшеленеді. Осыған байланысты бір типтегі даму бұзылыстары бар студенттер үшін арнайы топтарды ұйымдастыру әрдайым мүмкін бола бермейді, өйткені топтарды қалыптастыру белгілі бір мамандық пен біліктілік бойынша оқуға қабылданған талапкерлердің санына және олардың даму ерекшеліктеріне тікелей байланысты.

Қарағанды техникалық-құрылыс колледжінің тәжірибесі көрсеткендей, 2015 жылдан бастап республикалық және өңірлік деңгейдегі эксперименттік алаң ретінде әртүрлі санаттағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қабылдау жүзеге асырылып келеді. Тәжірибе барысында анықталғандай, арнайы білім беру ұйымдарында жүргізілетін кәсіби бағдар беру жұмыстарының жүйелілігіне қарамастан, түлектердің барлығы бірдей бір мамандық бойынша бір колледжге шоғырланып түсе бермейді.

Білім алушылар мамандықты әртүрлі себептер мен жеке қызығушылықтарына қарай таңдайды: кейбірі ата-анасының ұсынысымен басқа білім беру ұйымын таңдаса, енді бірі өзге мамандыққа басымдық

береді. Осыған байланысты есту немесе сөйлеу бұзылыстары бар білім алушылар үшін арнайы топтарды ұйымдастыру іс жүзінде күрделі болып табылады.

Сонымен қатар, аталған санаттағы білім алушылардың көпшілігінде зияткерлік қабілеті сақталған, сондықтан қолайлы педагогикалық жағдайлар мен толерантты білім беру ортасы қалыптасқан жағдайда олар білім алушылар ұжымына тез бейімделеді.

Жүргізілген тәжірибе негізінде Қарағанды техникалық-құрылыс колледжінде инклюзивті білім беру үдерісін іске асырудың он жылдық қорытындылары арнайы топтарды ұйымдастырудың негізінен зияткерлік дамуында бұзылыстары бар білім алушылар үшін тиімді екенін дәлелдеді. Ал зияткерлік қабілеті сақталған, бірақ қатар жүретін денсаулық ерекшеліктері бар талапкерлер үшін, бір типтегі бұзылысы бар және бір мамандық пен біліктілік бойынша оқуға ниет білдіргендердің саны жеткіліксіз болған жағдайда, инклюзивті топта білім алу неғұрлым тиімді болып табылады.

Колледжге қабылдау техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде жүзеге асырылады (бұдан әрі – Қабылдау қағидалары) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығы).

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді қабылдауды ұйымдастырудың құрылымдық сызбасы

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар талапкер және колледждің қабылдау комиссиясы

Медициналық-әлеуметтік сараптама (МСЭ) және психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия (ПМПК) құжаттарын ұсыну

Жоғары қауіп көзімен байланысты жұмыстарды жүзеге асыруға арналған медициналық психиатриялық қарсы көрсетілімдер тізбесі (2015 жылғы 31 наурыздағы № 188 бұйрығы.)

Оқыту жағдайларын айқындау:

- Арнайы топ (арнайы білім беру бағдарламасына сәйкес)
- Инклюзивті топ (жеке оқу жоспарына сәйкес)

Нәтижелері бойынша қабылдау:

- Өңгімелесу
- Емтихандар / шығармашылық сынақтар

Көрсетілген Қабылдау қағидаларының 1-тарауы «Жалпы ережелер», 2-тармағына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына бастауыш

білімі бар (тек «Хореографиялық өнер» мамандығы, «Балет әртісі» біліктілігі бойынша кадрларды даярлау үшін), негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, сондай-ақ жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар қабылданады. Сонымен қатар, білім туралы құжаты (куәлік, аттестат) бар ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар да қабылданады.

«Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына жалпы орта, техникалық және кәсіптік (бастауыш кәсіптік және орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі, жоғары (жоғары кәсіптік) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар, сондай-ақ білім туралы құжаты (куәлік, аттестат) бар ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар қабылданады».

3-тармаққа сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау кезінде мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде қабылдау квотасының мөлшері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 15 тамыздағы № 261 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» бұйрығымен белгіленеді. Аталған бұйрыққа сәйкес I немесе II топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар тұлғалар және мүгедектігі бар балалар үшін 10 пайыз көлемінде квота қарастырылған.

Қабылдау қағидаларының 29-тармағында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды оқуға қабылдау медициналық-әлеуметтік сараптаманың (медициналық анықтаманың) ұсынымдары мен қарсы көрсетілімдерін ескере отырып, тиісті мамандықтар мен біліктіліктер бойынша жүзеге асырылатыны көрсетілген.

«Жеңіл және орташа деңгейдегі ақыл-ой дамуының бұзылысы» диагнозы бар ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды оқуға қабылдау психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысын ескере отырып жүзеге асырылады. Аталған қорытындыда білім алушы меңгере алатын білім беру бағдарламасының түрі (арнайы, бейімделген, жеке) бойынша ұсынымдар беріледі.

Қабылдау қағидаларының 38-тармағына сәйкес арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарға, сондай-ақ психометриялық тестілеуге қатысу үшін көру, есту және тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар мүгедектігі бар балалар мен тұлғалар Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген нысан бойынша мүгедектік туралы анықтаманы ұсынған жағдайда, қажеттілік туындаған кезде

емтихан комиссиясы төрағасының атына еркін нысанда қосымша өтініш береді. Аталған өтініште келесі жағдайларды қамтамасыз ету көзделеді:

- 1) жеке аудиториямен қамтамасыз ету;
- 2) көру және тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушылар үшін емтихан пәндері бойынша оқытушы болып табылмайтын көмекші, және (немесе) есту қабілеті бұзылған білім алушылар үшін ымдау тілін меңгерген маманмен қамтамасыз ету.

Жүргізілген талдау нәтижесінде, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың барлық санаттары медициналық-әлеуметтік сараптаманың (медициналық анықтаманың) ұсынымдары мен қарсы көрсетілімдерін ескере отырып кәсіби білім ала алады. Аталған анықтама Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген 031-У нысаны бойынша беріледі.

Сонымен қатар, 18 жасқа дейінгі «жеңіл және орташа деңгейдегі ақыл-ой дамуының бұзылысы» диагнозы бар және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы бар тұлғалар да оқуға қабылданады.

«Жеңіл және орташа деңгейдегі ақыл-ой дамуының бұзылысы» нозологиясы бар ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар негізгі мектепті аяқтағаннан кейін, жалпы білім беретін сынып жағдайында (жеке оқу бағдарламасы бойынша) да, арнайы сынып жағдайында (арнайы оқу жоспары мен бағдарлама бойынша) да БТ сериялы аттестатқа ие болады. Аталған аттестат мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес толық емес негізгі орта білім алғанын растайды.

Осы негізде аталған санаттағы талапкерлер үшін жалпы орта білім алмай, белгіленген оқу мерзімі шеңберінде техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жұмысшы біліктілігін меңгеру көзделеді (1, 2-қосымшалар).

Зияткерлік қабілеті сақталмаған ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды колледждерге қабылдау Қабылдау қағидалары мен техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес тек **жұмысшы біліктіліктері бойынша** жүзеге асырылады. Бұл ретте талапкерлер әңгімелесу нәтижелері негізінде оқуға қабылданады.

Білім алушылардың барлығы зияткерлік даму ерекшеліктеріне байланысты таңдаған кәсіби қызметін болашақта толық жүзеге асыра алмауы мүмкін екенін ескерген жөн. Бұл Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 188 «Жекелеген кәсіптік қызмет түрлерін, сондай-ақ жоғары қауіп көзімен байланысты жұмыстарды жүзеге асыруға арналған медициналық-психиатриялық қарсы көрсетілімдер тізбесін бекіту туралы» бұйрығымен айқындалады. Осыған байланысты зияткерлік дамуында ерекшеліктері бар

білім алушылардың ата-аналарына олардың баласының кәсіби және мансаптық қалыптасу мүмкіндіктерін түсінікті әрі педагогикалық тұрғыдан дұрыс жеткізу маңызды болып табылады. Көп жағдайда ата-аналар ерекше білім беру қажеттіліктері бар жасөспірімдердің әлеуетін жоғары бағалап, денсаулық жағдайына байланысты шектеулері бар тұлғалардың еңбек қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық талаптардың мәнін толық көлемде ескере бермейді. Нәтижесінде, білім алушының жеке мүмкіндіктері мен денсаулық жағдайына сәйкес келмейтін мамандықты таңдау қаупі туындайды, бұл өз кезегінде болашақта дипломы болғанына қарамастан тұрақты жұмыспен қамтылуына кедергі келтіруі мүмкін.

Зияткерлік қабілеті сақталған тұлғалар қабылдау қағидаларына сәйкес басқа талапкерлермен тең негізде колледжге қабылданады. Бұл ретте олар жұмысшы біліктіліктері бойынша да, орта буын мамандарын даярлау бағдарламалары бойынша да білім ала алады. Қабылдау үдерісінде белгіленген квота ескеріледі және білім алушылардың даму ерекшеліктеріне сәйкес арнайы жағдайлар жасалады.

Медициналық-әлеуметтік сараптама (МӘС) анықтамасы куәландырылатын тұлғаның денсаулық жағдайын кешенді бағалау нәтижесінде беріледі. Бағалау барысында оның әлеуметтік қолдау шараларына, соның ішінде оңалтуға деген қажеттілігі және ағза қызметтерінің тұрақты бұзылуынан туындаған тіршілік әрекетінің шектеулері ескеріледі. Бұл рәсім қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүргізіледі. МӘС анықтамасы медициналық сараптаманың бір түрі болып табылады және ол тұлғаның жағдайын жан-жақты талдау негізінде рәсімделеді. Бұл талдау клиникалық-функционалдық, әлеуметтік, кәсіби және психологиялық көрсеткіштерді қамтиды және уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен өлшемдерге сәйкес жүзеге асырылады.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (ПМПК) білім беру жүйесінде маңызды орын алады. Оның негізгі мақсаты – балалардың дене немесе психикалық дамуындағы ерекшеліктерді, сондай-ақ мінез-құлқындағы ауытқуларды дер кезінде анықтау. Баланы кешенді тексеру нәтижелері бойынша комиссия оған қажетті психологиялық-медициналық-педагогикалық көмек түрлерін айқындап, оқыту мен тәрбиені ұйымдастыру бойынша нақты ұсынымдар береді. Ал әлеуметтік педагог баланың әлеуметтік жағдайын және отбасылық ортасын анықтайды. ПМПК қорытындысында білім беру бағдарламасының түрі, арнайы оқулықтар мен оқу құралдарын пайдалану қажеттілігі, білім беру ортасын бейімдеу, қосымша сабақтарды ұйымдастыру, сондай-ақ логопед, дефектолог немесе психологпен жұмыс жүргізу қажеттілігі көрсетілуі мүмкін. Сонымен қатар, қажет болған жағдайда бейінді мамандар тарапынан медициналық сүйемелдеу ұсынылады. Ата-аналарға ПМПК қорытындысының көшірмесі беріледі. Бұл құжат баланың арнайы білім беру жағдайларын алуға құқығын растайтын маңызды негіз болып табылады.

Колледж педагогтерінің ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалармен кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастырудағы рөлі маңызды. Бұл жұмыс ата-аналар мен заңды өкілдерге мұндай білім алушылар үшін қолжетімді мамандықтар туралы дұрыс және толық ақпарат беруді қамтиды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектеп оқушыларымен кәсіби бағдар жұмысын жоспарлау кезінде «Мүгедектігі бар тұлғаларға ұсынылатын мамандықтар атласы» құжатымен танысу ұсынылады. Бұл атлас Қазақстандық және халықаралық тәжірибелерді, сондай-ақ нормативтік және әдістемелік құжаттарды талдау негізінде әзірленген. Атлас ұсынымдық сипатта болады, яғни ол мамандық таңдауды шектемейді, керісінше білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес бағыт таңдауға көмектеседі. Сонымен қатар, ол мүгедектік тобы мен ағза қызметінің ерекшеліктеріне қарай мамандықтарды таңдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасының жаңа мамандықтар мен құзыреттер атласы» әзірленген. Бұл атлас экономика салаларындағы өзгерістерді түсінуге, болашақтағы мамандықтар туралы жалпы түсінік қалыптастыруға және жаңа, өзгеріп жатқан әрі жойылып бара жатқан мамандықтармен танысуға көмектеседі. Осы құжаттарды дұрыс түсіну және орынды пайдалану ерекше білім беру қажеттіліктері бар жастарға сапалы кәсіби бағдар беруге ықпал етеді.

Қабылдау науқаны аяқталғаннан кейін, 1 қыркүйекке дейін колледжде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі жаңадан қабылданған студенттерге талдау жүргізеді. Осы кезеңде ұсынылған құжаттар негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар анықталып, олардың білім алу қажеттіліктері белгіленеді.

Оқу үдерісін ұйымдастыру бірнеше негізгі нормативтік құжаттарға сүйене отырып жүзеге асырылады. Соның ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары маңызды орын алады. Бұл құжатта білім беру бағдарламаларын білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен білім алу қажеттіліктеріне қарай бейімдеуге болатыны көрсетілген. Оқу үдерісі білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін типтік қағидаларға, жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларына, сондай-ақ білім алушылардың үлгерімін бағалау бойынша ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау қағидаларына сәйкес ұйымдастырылады.

Арнайы топтарда оқытылатын ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін колледждер арнайы білім беру бағдарламаларын әзірлейді. Ал инклюзивті топтарда оқитын білім алушылар үшін олардың жеке даму ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне қарай жеке оқу жоспарлары мен бағдарламалары бейімделеді (ТЖКББ МЖМБС, 2-тарау, 14-тармақ).

Оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде педагог ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға қолжетімді және түсінікті оқу ортасын

құруға назар аударуы тиіс. Ол үшін оқыту әдістері мен тәсілдері білім алушылардың ерекшеліктеріне сәйкес таңдалып, өзара үйлестірілуі қажет.

Педагог психологпен бірлесіп жұмыс жүргізіп, қолдаушы орта қалыптастыруы маңызды. Сонымен қатар, бейімделген әдістерді қолдану, білім алушылардың қызығушылығын арттыру, олардың сабаққа белсенді қатысуына жағдай жасау, тұрақты кері байланыс беру және топтағы өзара қарым-қатынас пен ынтымақтастықты дамыту қажет.

Бұл педагогтың оқу мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық негіздерін түсіне отырып, әртүрлі әдістер мен тәсілдерді тиімді қолдануын талап етеді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар жасөспірімдердің ерекшеліктерін ескеру үшін педагог келесі бағыттарда жұмыс жүргізуі қажет:

1) колледж психологымен тұрақты байланыста болып, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін (ойлау деңгейі, ақпаратты қабылдауы, қызығушылығы, көңіл күйі) ескеру;

2) білім алушылар үшін жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру, жағымды эмоционалдық ахуалды сақтау;

3) әр білім алушының ерекшелігіне сәйкес келетін оқыту әдістерін қолдану;

4) білім алушылардың оқу мотивациясын арттырып, сабаққа белсенді қатысуына жағдай жасау;

5) тұрақты кері байланыс беріп, оқу жетістіктерін әділ бағалау;

6) білім алушылар арасында ынтымақтастық пен өзара қолдауды дамыту.

Аталған психологиялық-педагогикалық қағидаттарды жүйелі түрде ескеру педагогқа оқу үдерісін тиімді жоспарлап, сапалы ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде әрбір білім алушының жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасауға ықпал етеді.

1.2. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге арналған оқу сабақтарын бейімдеудің модельдері

Оқу сабақтарын бейімдеудің үлгілік модельдері ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін оқыту мазмұнының, формалары мен нәтижелерінің қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған білім беру үдерісін ұйымдастырудың ғылыми және нормативтік тұрғыдан негізделген тәсілдерін білдіреді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес мемлекет білім алушылардың барлық санаттары үшін олардың жеке мүмкіндіктері мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып білімнің қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Осыған байланысты оқу сабақтарын бейімдеу білімге тең қол жеткізу қағидатын іске асырудың маңызды тетігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес білім беру ұйымдары мүгедектігі бар тұлғалардың білім алуына қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті. Бұл арнайы оқыту әдістерін қолдануды және білім беру бағдарламаларын білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес бейімдеуді көздейді.

Бұдан бөлек, ҮІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Білім берудің барлық деңгейлерінде (балабақша – мектеп – колледж – жоғары оқу орны) сабақтастық пен инклюзивтілік қағидаттарын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдарына» сәйкес, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін білім беру үдерісін бейімдеу және жеке оқу жоспарларын әзірлеу инклюзивті білім берудің міндетті құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасында инклюзивті саясатты дамыту тұжырымдамасына сәйкес білім беру ортасы икемді әрі вариативті болуы және білім алушылардың психофизикалық ерекшеліктерін ескеруі тиіс.

Осыған сәйкес оқу сабақтарын бейімдеу модельдері техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың негізгі педагогикалық тетіктерінің бірі ретінде қарастырылады:

1) Мазмұны жеңілдетілген модель

Бұл модель оқу материалының көлемін және оның күрделілік деңгейін педагогикалық тұрғыдан оңтайландыра отырып, негізгі ұғымдар мен кәсіби маңызды құзыреттерді сақтауды көздейді.

ТжКББ МЖМБС талаптарына сәйкес оқу нәтижелері сақталады, алайда оларға қол жеткізу жолдары мен тәсілдерін таңдауда икемділік қарастырылады.

Оқыту барысында мазмұнды түсінуді жеңілдететін тұжырымдар, көрнекі құралдар, алгоритмдер және кезең-кезеңімен орындалатын нұсқаулықтар кеңінен қолданылады.

«Гүл өсіруші-флорист» біліктілігі бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге арналған «Ботаника негіздері» пәні бойынша мазмұны жеңілдетілген модельді тәжірибелік қолдану үлгісі

Цель: ботаника пәні бойынша оқу материалын қолжетімді әрі түсінікті етіп ұсыну, сонымен қатар флорист мамандығына қажетті базалық білімді сақтау.

Мазмұнды бейімдеу үлгісі

Оқу материалын жеңілдету:

күрделі биологиялық үдерістерді (мысалы, фотосинтезді молекулалық деңгейде) тереңдетіп оқытудың орнына, студенттерге қарапайым түсініктеме беріледі:

«Өсімдіктер күннен энергия алады және оны өсу үшін пайдаланады».

Тапсырмалар көлемін қысқарту:

ғылыми мақалаларды талдаудың орнына қысқаша конспектілермен, сызбалармен және кестелермен жұмыс жүргізіледі.

Түсінікті тіл» қолдану:

– «транспирация» термині «жапырақ арқылы судың булануы» деп түсіндіріледі;

– тұжырымдар қысқа әрі нақты беріледі:

«Тамыр өсімдікті бекітеді және суды сіңіреді».

Абстрактілі ұғымдарды көрнекілендіру:

– жасуша құрылысы мәтін арқылы емес, негізгі бөліктері белгіленген сызба арқылы түсіндіріледі;

– өсімдіктерді жіктеу үшін менталдық карталар қолданылады:

«ағаштар – бұталар – шөптесін өсімдіктер».

Негізгі ақпаратты айқындау:

– студенттерге негізгі ұғымдары ерекшеленген тірек конспектілер ұсынылады:

«тамыр – сабақ – жапырақ – гүл».

Негізгі назар флорист мамандығына тікелей байланысты тақырыптарға аударылады: гүлдің құрылысы, сәндік өсімдіктерге күтім жасау ерекшеліктері, гүл шоқтарын құрастыру ережелері.

Тәжірибелік жүзеге асыру

Тапсырма: раушан гүлінің құрылысын зерделеу.

Бейімдеу: көлемді мәтінді оқудың орнына студентке бөліктері (күлте жапырақшалары, аталық, аналық, тостағанша жапырақшалар) белгіленген гүлдің сызбасы ұсынылады.

Нәтиже: студент гүлдің негізгі бөліктерін атап, олардың қызметін қарапайым тілмен түсіндіреді.

Қорытынды

Бұл бейімдеу ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге:

– өсімдіктермен жұмыс істеуге қажетті базалық білімді меңгеруге;

– когнитивтік жүктемені төмендетуге;

– болашақ кәсібіне қатысты тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Данная адаптация позволяет студентам с ООП: усвоить базовые знания, необходимые для работы с растениями; снизить когнитивную нагрузку; сформировать практические навыки, связанные с будущей профессией.

2) Оқыту қарқынын бейімдеу моделі

Бұл модель білім алушылардың оқу материалын меңгеру қарқынын дараландыруға бағытталады және тапсырмаларды орындау уақытының жеткіліктілігін, оқу мазмұнын қайталап түсіндіру мүмкіндігін, сондай-ақ оқу үдерісін білім алушының жеке ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастыруды көздейді.

ТЖКББ жүйесінде оқу үдерісін ұйымдастыру талаптарына сәйкес білім беру ұйымдары жоспарланған оқу нәтижелерін сақтай отырып, оқыту формалары мен қарқынын икемді түрде реттей алады.

Осыған байланысты сабақтың жекелеген кезеңдерін ұзарту, сондай-ақ күрделі тапсырмаларды бірнеше қарапайым әрі түсінікті бөліктерге бөлу қарастырылады.

Оқыту қарқынын бейімдеу моделін тәжірибелік қолдану үлгісі

«Флористика негіздері» пәні бойынша тәжірибелік жұмыс аясында студенттерге қарапайым гүл шоғын құрастыру тапсырмасы ұсынылады.

Бейімдеу шаралары:

– ерекше білім беру қажеттіліктері бар студентке тапсырманы орындау үшін қосымша уақыт беріледі;

– нұсқаулық мазмұны бірізді кезеңдерге құрылымдалады (гүлдерді дайындау → композицияны таңдау → элементтерді бекіту);

– оқытушы негізгі әрекеттерді қажет болған жағдайда қайта түсіндіреді.

Нәтиже:

аталған тәсіл білім алушыға оқу тапсырмасын артық жүктемесіз орындауға және болашақ кәсіби қызметіне қажетті дағдыларды жүйелі түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

3) Ақпаратты ұсынудың баламалы формалары моделі

Бұл модель оқу материалын әртүрлі қабылдау арналары арқылы ұсынуды көздейді.

Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне, соның ішінде Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясына сәйкес, білім беру ақпараты білім алушылар үшін қолжетімді форматтарда ұсынылуы тиіс.

Оқыту барысында аудио және бейнематериалдар, сызбалар, инфографика, пиктограммалар, демонстрациялық үлгілер, сондай-ақ тактильді материалдар қолданылады.

Аталған тәсілдер оқытудың әмбебап дизайны қағидаттарына сәйкес келеді.

Ақпаратты ұсынудың баламалы формалары моделін тәжірибелік қолдану үлгісі

«Өсімдіктің құрылысы» тақырыбын меңгеру барысында оқу материалы әртүрлі тәсілдер арқылы ұсынылады:

бейнематериалдар арқылы;

сызбалар мен көрнекі үлгілер арқылы;

нақты өсімдік үлгілерін пайдалану арқылы.

Нәтиже:

білім алушылар оқу материалын тек мәтін арқылы ғана емес, көру, тыңдау және тәжірибелік әрекет арқылы қабылдайды, бұл ақпаратты түсіну мен меңгеру сапасын арттыруға ықпал етеді.

4) Дараландырылған тапсырмалар моделі

Бұл модель білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмалардың күрделілік деңгейін, орындалу формасын және жауапты ұсыну тәсілін икемді түрде таңдауды көздейді.

ТжКББ МЖМБС талаптарына сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) әзірлеу мүмкіндігі қарастырылады.

Тапсырмаларды саралау бірыңғай оқу нәтижелерін сақтай отырып жүзеге асырылады және әр білім алушының оқу мүмкіндіктеріне сәйкес меңгеруіне жағдай жасайды.

Дараландырылған тапсырмалар моделін тәжірибелік қолдану үлгісі

«Өсімдіктердің жіктелуі» тақырыбын меңгеру барысында білім алушыларға олардың оқу мүмкіндіктері мен ерекшеліктеріне сәйкес әртүрлі тапсырмалар ұсынылады:

- *бір білім алушыға – кесте толтыру;*
- *екіншісіне – сызба құрастыру;*
- *үшіншісіне – ауызша жауап беру.*

Нәтиже:

тапсырмалардың орындалу формалары әртүрлі болғанымен, барлығы бір оқу мақсатына бағытталады және күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

5) Сүйемелдеу моделі

Бұл модель білім алушының оқу қызметін ұйымдастыруда ассистенттің жүйелі қатысуын қарастырады.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсету мүмкіндігі қарастырылған.

Ассистент білім алушыға ұйымдастырушылық және әдістемелік қолдау көрсетеді, оның оқу әрекетіне бағыт-бағдар береді, алайда білім алушының дербес іс-әрекетін алмастырмайды.

Сүйемелдеу моделін тәжірибелік қолдану үлгісі

Флористика пәні бойынша зертханалық жұмыс барысында ассистент келесі қолдау түрлерін жүзеге асырады:

- *студентке тапсырма нұсқаулығын түсінуге көмектеседі;*
- *жұмыс кезеңдерінің реттілігін еске салады;*
- *қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылап отырады.*

Білім алушы тапсырманы өз бетінше орындайды, ал көрсетілген қолдау оның оқу әрекетін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

6) Тәжірибеге бағытталған оқыту моделі.

Бұл модель білім алушылардың оқу мазмұнын тәжірибелік әрекет арқылы меңгеруін көздейді және кәсіби дағдыларды қалыптастыруға бағытталады.

Оқыту барысында шеберлік сабақтары, модельдеу тапсырмалары (симуляциялар), жағдаяттық тапсырмалар (кейс), сондай-ақ кәсіби сынамалар қолданылады.

ТЖКББ МЖМБС талаптарына сәйкес тәжірибелік дайындық білім беру бағдарламасының міндетті құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл ретте оны ұйымдастыру шарттарын білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес бейімдеуге жол беріледі.

Тәжірибеге бағытталған оқыту моделін тәжірибелік қолдану үлгісі

«Гүл композициясын құрастыру» тақырыбын меңгеру барысында білім алушылар теориялық білімді тәжірибемен ұштастыра отырып, тірі гүлдерден композиция құрастыруды орындайды.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін келесі бейімдеу шаралары қарастырылады:

- *қолданылатын құралдар мен материалдар қарапайым әрі қауіпсіз түрде іріктеледі;*
- *тапсырманы орындауға арналған көрнекі және кезең-кезеңімен берілген нұсқаулықтар ұсынылады;*
- *композицияның көлемі мен күрделілік деңгейі білім алушының мүмкіндіктеріне сәйкес реттеледі.*

Білім алушылар теориялық білімді тәжірибелік іс-әрекет арқылы меңгеріп, кәсіби дағдыларын біртіндеп қалыптастырады.

7) Сенсорлық жүктемені реттеу моделі.

Бұл модель білім беру ортасын білім алушылар үшін қолайлы деңгейде ұйымдастыруды көздейді: оқу жүктемесін демалыс кезеңдерімен үйлестіру, шу деңгейін төмендету, артық визуалды әсерлерді шектеу.

Білім беру ұйымдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес оқу ортасы қауіпсіз болуы және білім алушылардың денсаулық жағдайы ескерілуі тиіс.

Аталған модель аутистік спектрдегі бұзылыстары және зияткерлік даму ерекшеліктері бар студенттермен жұмыс барысында тиімді қолданылады.

Сенсорлық жүктемені реттеу моделін тәжірибелік қолдану үлгісі

Сабақ барысында оқытушы:

- *әр 20–25 минут сайын қысқа үзіліс жасайды;*
- *қажет болған жағдайда білім алушының аудиториядан уақытша шығуына мүмкіндік береді;*
- *қарапайым және артық элементтері жоқ көрнекі материалдарды қолданады.*

Бұл тәсілдер білім алушылардың шаршауын азайтып, зейінін жақсы сақтауға көмектеседі.

Қорытындылай келе, ТЖКББ жүйесінде оқу сабақтарын бейімдеу модельдерін қолдану педагогикалық теорияға, Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық базасына және Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әдістемелік ұсынымдарына негізделеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру ұйымдары барлық білім алушыларға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға сапалы кәсіби білім алуға қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті.

Оқу сабақтарын бейімдеу моделін немесе олардың үйлесімін таңдау білім алушының білім беру қажеттіліктерінің сипатына, мамандықтың ерекшелігіне және білім беру ұйымының ресурстық мүмкіндіктеріне сәйкес айқындалады.

2-бөлім. Инклюзивті білім беру үдерісін қамтамасыз етудің құралдары мен ресурстық базасы

2.1. Инклюзивті білім беру үдерісін жүзеге асырудың тиімді тәжірибелік құралдары

Колледждегі инклюзивті білім беру үдерісін жүзеге асыруда қолданылатын тәжірибелік құралдар білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, бейімделген білім беру ортасын қалыптастыруға, сондай-ақ олардың табысты әлеуметтенуі мен кәсіби даярлығын қамтамасыз етуге бағытталады.

Инклюзивті білім беруді тиімді ұйымдастырудың маңызды шарты – бағдарламалық және әдістемелік шешімдерді, ұйымдастырушылық-педагогикалық шараларды, техникалық және цифрлық құралдарды, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жүйесін өзара үйлестіруді көздейтін кешенді тәсілді жүзеге асыру болып табылады.

Осы негізде колледжде инклюзивті білім беруді ұйымдастыру барысында келесі тәжірибелік құралдарды айқындау орынды:

1) Бағдарламалық және әдістемелік құралдар.

Колледжде инклюзивті білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін бейімделген білім беру бағдарламаларын, жеке оқу жоспарларын және бағалаудың арнайы құралдарын қолдану ұсынылады.

Аталған құралдар оқу үдерісінің икемділігін қамтамасыз етеді, білім алушыларға түсетін оқу жүктемесін реттеуге мүмкіндік береді және ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу жетістіктерін объективті әрі қолжетімді бағалауға жағдай жасайды.

2) Ұйымдастырушылық және педагогикалық шаралар.

Педагог-ассистент лауазымын енгізу және тәлімгерлік жүйесін ұйымдастыру ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқу үдерісінде жүйелі түрде сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

Білім алушылардың топтық жобаларға және тәжірибеге бағытталған тапсырмаларға қатысуы олардың кәсіби құзыреттерін дамытуға, ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыруға және колледждің білім беру ортасына нәтижелі кірігуіне ықпал етеді.

3) Техникалық және білім беру ортасын ұйымдастыру құралдары.

Оқу кабинеттерін арнайы жабдықтармен және тиісті бағдарламалық қамтамасыз етумен жабдықтау, сондай-ақ білім беру кеңістігін эргономика және қолжетімділік талаптарына сәйкес бейімдеу білім алушылар үшін қолайлы әрі қауіпсіз оқу ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бұл шаралар білім беру ресурстарына тең қол жеткізуді қамтамасыз етіп, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың дербес оқу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

4) Оқытудың техникалық құралдары (ОТҚ).

Колледждерде инклюзивті білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін білім алушылардың денсаулық ерекшеліктерін ескеретін және олардың оқу мүмкіндіктерін кеңейтетін техникалық құралдарды қолдану қажет:

- есту қабілеті бұзылған студенттер үшін радиокластар, индукциялық ілмектер, дыбысты күшейтетін құрылғылар және құжат-камералар пайдаланылады;

- көру қабілеті бұзылған студенттер үшін экрандық қолжетімділік бағдарламалары (JAWS, NVDA), бейнеүлкейткіштер, Брайль дисплейлері мен принтерлері қолданылады;

- тірек-қимыл аппараты бұзылған студенттер үшін арнайы пернетақталар, джойстиктер, роллерлер және көзбен басқару технологиялары (айтрекинг) ұсынылады.

5) Әлеуметтік-кәсіби құралдар.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметін дамыту білім алушыларға эмоционалдық қолдау көрсетуді және туындаған қиындықтар мен жанжал жағдайларын шешуге көмектесуді қамтамасыз етеді.

Жұмыс берушілермен өзара іс-қимылды ұйымдастыру ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін өндірістік тәжірибеден өтуге арналған арнайы орындар құруға, сондай-ақ олардың кейінгі жұмысқа орналасуына ықпал етеді.

Тәрбиелік іс-шараларды (бірлескен мерекелер, байқаулар, экскурсиялар) өткізу білім алушылардың ұжымға кірігуіне және жағымды әлеуметтік тәжірибе қалыптастыруына жағдай жасайды.

6) Цифрлық және қашықтан оқыту технологиялары

Колледждерде инклюзивті білім беру үдерісін тиімді кеңейту үшін заманауи цифрлық технологияларды қолдану ұсынылады:

- қашықтан оқыту жүйелері (LMS) білім алушыларға оқу материалын жеке қарқынмен меңгеруге, қажет болған жағдайда қашықтан оқуға мүмкіндік береді. Бұл денсаулық жағдайына байланысты шектеулері бар білім алушылар үшін ерекше маңызды;

- виртуалды симуляторлар кәсіби дағдыларды қауіпсіз ортада қалыптастыруға мүмкіндік береді (мысалы, бағдарламалау, дизайн немесе техникалық бағыттарда), бұл тәжірибелік дайындықтың тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

7) Инклюзивті тәжірибелерді жүйелі бақылау және дамыту:

Колледжде инклюзивті білім беру тәжірибелерінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында жүйелі бақылау жүргізу және оларды тұрақты жетілдіру маңызды болып табылады. Бұл келесі бағыттарды қамтиды:

- іске асырылып жатқан білім беру бағдарламалары мен қолданылатын технологиялардың тиімділігін бағалау;

- педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін дамыту және біліктілігін арттыру;

- әлеуметтік серіктестермен және жұмыс берушілермен өзара іс-қимылды нығайту;

- білім алушыларды және олардың ата-аналарын (заңды өкілдерін) кері байланыс үдерісіне белсенді тарту.

Колледждегі инклюзивті білім беру үдерісін ұйымдастыруда қолданылатын практикалық құралдар бейімделген әрі қолжетімді білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған өзара үйлесімді шаралар жүйесін құрайды.

Бұл құралдарды жүйелі әрі мақсатты қолдану ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін тең білім алу мүмкіндіктерін қамтамасыз етіп, олардың кәсіби құзыреттерін дамытуға, әлеуметтік кірігуіне және білім беру ортасында жағымды өзара әрекет тәжірибесін қалыптастыруға ықпал етеді.

2.2. Инклюзивті білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ететін заманауи цифрлық және дидактикалық материалдар

Инклюзивті оқыту жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу материалын тек көру және есту арқылы қабылдауы жеткіліксіз. Сондықтан олардың оқу мазмұнымен тәжірибелік әрекет, модельдеу және өздік өнімдер жасау арқылы белсенді жұмыс істеуі маңызды. Бұл үдерісте көру, есту, тактильдік және кинестетикалық қабылдау арналары кешенді түрде қолданылады.

Аталған тәсілдерді тиімді іске асыруда Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының (<https://uba.edu.kz/ru/blog>) және оның инклюзивті ортада цифрлық технологияларды қолдану жөніндегі әдістемелік ұсынымдарының (Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025) маңызы зор. Бұл ұсынымдар мультимодальды оқыту қағидаттарына негізделген цифрлық білім беру ресурстарын қолдануды және оларды ассистивті технологиялармен ықпалдастыруды қарастырады.

Цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) оқу үдерісін бейімдеуге мүмкіндік береді, яғни оқу материалының форматын, күрделілік деңгейін және оны ұсыну тәсілдерін икемді өзгертуге жағдай жасайды. Оларға электрондық оқулықтар, онлайн-платформалар, интерактивті тапсырмалар, бейнематериалдар, симуляциялар мен тренажерлер жатады.

ЦБР ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін маңызды рөл атқарады. Олар оқу материалын көрнекі түрде ұсынуға, оны кезең-кезеңімен меңгеруге және әртүрлі форматта (аудио, бейне, интерактивті) қолжетімді етуге мүмкіндік береді.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әдістемелік ұсынымдарында инклюзивті білім беру үшін тиімді цифрлық құралдар ұсынылған. Бұл құралдар төмендегі кестеде жүйеленіп берілген.

Инклюзивті білім беру үдерісінде қолданылатын цифрлық құралдар

№	Құралдар үлгілері	Қолданылуы
Ассистивті технологиялар		
1	JAWS, ZoomText, NVDA	Көру қабілеті бұзылған адамдарға арналған экрандық қолжетімділік және үлкейту бағдарламалары.
2	Naturally Dragon Speakig	Тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдарға арналған дауыспен басқару бағдарламасы.
3	Proloquo2Go	Баламалы және қосымша коммуникацияға арналған қосымша.
Бейімделген оқыту жүйелері		
1	Knewton, ALEKS	Knewton, ALEKS
2	Жасанды интеллект негізіндегі дербестендірілген оқыту	Жасанды интеллектке негізделген жеке оқыту
Виртуалды зертханалар		
1	Interactive PhET Simulations	Жаратылыстану пәндері бойынша интерактивті симуляциялар.
2	Labster	STEM бағыттары бойынша виртуалды зертханалар.

Инклюзивті оқыту жағдайында цифрлық технологиялар ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қолдауға, оқу үдерісін бейімдеуге және олардың әлеуметтенуіне ықпал етеді. Олар сенсорлық, когнитивтік және физикалық кедергілерді азайтуға мүмкіндік береді.

Бейімделген және ассистивті құралдар (экрандық қолжетімділік бағдарламалары, Брайль дисплейлері, субтитрлер, баламалы енгізу құрылғылары, дауыспен басқару технологиялары) оқытуды дараландыруға, білім алушылардың сөйлеу, математикалық және коммуникативтік дағдыларын дамытуға, сондай-ақ оқу материалын қолжетімді форматта ұсынуға жағдай жасайды.

Осы тұрғыда цифрлық құралдар инклюзивті білім беру ортасының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Олар білім беру ресурстарына қолжетімділікті кеңейтіп, барлық білім алушылар үшін тең білім алу мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

Қазақстандағы арнайы білім беру ұйымдарының тәжірибесіне сүйене отырып, инклюзивті және арнайы білім беруде қолдануға ұсынылатын негізгі платформалар төменде келтірілген.

№	Платформа	Мақсаты	Білім алушылар санаты	Дереккөз
1.	BilimLand	Бейнесабақтар, тренажерлер, интерактивті зертханалық жұмыстар	ЕБҚ бар барлық білім алушылар	https://bilimland.kz/ru

2.	iMektep / Online Mektep	Әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар, тақырыптық курстар	В.В. Воронкова әдісі бойынша саралап оқытуда	https://imektep.kz ; https://onlinemektep.org
3.	Boardmaker	Көрнекі кестелер, карточкалар және коммуникациялық материалдар әзірлеу	Аутистік спектр бұзылыстары бар, сөйлеу тілі бұзылған балалар	Mayer-Johnson. Boardmaker & SymbolStix. https://goboardmaker.com
4.	Proloquo2Go	Баламалы және қосымша коммуникация (AAC), сөйлеуді синтездеу	Сөйлеу тілі ауыр бұзылған, аутистік спектрдегі балалар	AssistiveWare. Proloquo2Go. https://www.assistiveware.com
5.	Kurzweil 3000	Оқуды қолдау, мәтінді дыбыстау арқылы меңгеру	Дислексиясы бар, оқу қиындықтары бар балалар	Kurzweil Education. https://www.kurzweiledu.com
6.	Microsoft Immersive Reader	Мәтінді түсінуді жақсарту (дыбыстап оқу, мәтін бөліктерін белгілеу)	Оқу дағдыларында қиындықтары бар балалар	Microsoft Education. https://education.microsoft.com
7.	Read&Write	Оқу және жазуды қолдау, сөздерді болжау, мәтінді дыбыстау	Дислексия, назар тапшылығы бар балалар (ADHD)	Texthelp. https://www.texthelp.com
8.	Voice Dream Reader	Сандық мәтіндерді дыбыстау және оқу параметрлерін бейімдеу	Көру қабілеті төмен және оқу қиындықтары бар балалар	Voice Dream LLC. https://www.voicedream.com
9.	Seeing AI	Мәтін мен нысандарды тану, дыбыстық сипаттама беру	Көру қабілеті бұзылған балалар	Microsoft. https://www.microsoft.com/seeing-ai
10	Unique Learning System	Арнайы білім беруге арналған бейімделген цифрлық оқу бағдарламасы	Зияткерлік бұзылыстары бар, аутистік спектрдегі балалар	n2y
11	Shyraq AI	Пәндер бойынша сабақ әзірлеу	Барлық білім алушылар	https://shyraq.ai/pricing

«Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-тәжірибелік орталығы» РММ (АИБД ҰҒПО) орта білім беру деңгейінде инклюзивті білім беруді дамыту бойынша бай ұлттық тәжірибеге ие. Бұл тәжірибе техникалық және кәсіптік білім беру деңгейлерін қоса алғанда, білім беру жүйесінің барлық келесі сатылары үшін негіз болып табылады.

Арнайы мектептердің қолданыстағы білім беру бағдарламалары инклюзивті мәдениетке, саясат пен тәжірибеге негізделген инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығын даярлау үшін маңызды ресурс болып табылады.

АИБД ҰҒПО инклюзивті білім беру бағдарламаларын іске асыруда заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданады. Аталған технологиялар төменде ұсынылған:

<p>Ықшам (компактты) сөйлеу тренажері GoTalk (ТоуТок)</p>	<p>Сөйлеу дағдыларын дамытуға және қалыптастыруға арналған көпфункционалды құрал. Құрылғы 24 бейнеге сәйкес дыбыстық хабарламаларды жазуға мүмкіндік береді, оларды педагог оқу мақсатына қарай таңдап, өзгерте алады.</p>
<p>Eduplay (Эдуплей) Ықшам (компактты) сөйлеу тренажері</p>	<p>EDUPLAY компьютері 3–6 жас аралығындағы балаларға арнайы бейімделген интерфейспен үйлесімді түрде біріктірілген. Пайдаланушылардың жас ерекшеліктеріне бейімделіп әзірленген оқыту бағдарламалары мен компьютерлік құрылғылармен жұмыс істеу, топтық сабақтарға арналған жұмыс үстелімен үйлесім таба отырып (мектепке дейінгі оқытудың дәстүрлі ортасын сақтайды), EDUPLAY жүйесін әртүрлі танымдық дағдыларды дамытуға бағытталған бірегей оқыту құралы ретінде айқындайды. EDUPLAY жүйесі компьютер экранының алдында орналасқан кең жұмыс үстелінен және сол үстелде орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етуден тұрады.</p>
<p>Multikid (Мультикид)</p>	<p>Multikid – баланың қиялын дамытатын, өз әрекеттерін жоспарлауға үйрететін және қимыл үйлесімділігін жетілдіретін бірегей шығармашылық компьютерлік ойын. Multikid балаларды қызықты саяхатқа жетелеп, сол арқылы қоршаған әлемді тануға мүмкіндік береді.</p>
<p>Дельфа 142,1 сөйлеу тренажері</p>	<p>«Дельфа-142.1» компьютерлік тренажері балалардың ауызша және жазбаша сөйлеуінің әртүрлі қырларын түзетуге арналған кешенді көпқырлы бағдарлама болып табылады. Жеке компьютер негізінде жұмыс істейтін бұл тренажер дыбыстан бастап мәтінге дейінгі кез келген сөйлеу бірліктерімен жұмыс істеуге мүмкіндік береді және түрлі түзету-логопедиялық міндеттерді шешуге бағытталған. Атап айтқанда: сөйлеу тынысын, дауыс пен дыбыстауды түзету, сөйлеудің лексика-грамматикалық құрылымын дамыту, сөйлеу бұзылыстарын түзету үдерісіне ойын элементтерін енгізу, қажетті жаттығулар мен сөйлеу материалын бірнеше рет қайталау, сондай-ақ әртүрлі көрнекі және дыбыстық материалдарды (суреттер, әріптер, буындар, сөздер, сөйлемдер, дыбыстық сөйлеу) қолдану мүмкіндігі қарастырылған.</p>

ЦОР ЦБР-дың негізгі функциялары:

- тапсырмалардың күрделілік деңгейін білім алушының мүмкіндіктеріне сәйкес бейімдеу;

- оқу материалын әртүрлі форматта (көрнекі, аудио, интерактивті) ұсыну;

- ассистивті технологиялармен (TTS, субтитрлер, экрандық дикторлар) үйлесімді қолдану мүмкіндігі;

- білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруға және оқу мотивациясын арттыруға жағдай жасау.

Ассистивті және компенсаторлық технологиялар

Ассистивті технологиялар (Assistive Technologies, АТ) – білім алушылардың тіршілік әрекетіндегі шектеулерді өтеуге және қолжетімді білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған бағдарламалық және техникалық құралдардың кең ауқымын қамтиды. Инклюзивті оқыту жағдайында АТ ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушы мен оқу материалы арасындағы байланысты қамтамасыз ететін құрал ретінде қызмет атқарады. Олар ақпаратты ұсыну форматын бейімдеуге, компьютермен өзара әрекеттесудің баламалы тәсілдерін ұсынуға, сондай-ақ білім алушылардың дербестігі мен оқу мотивациясын арттыруға мүмкіндік береді.

Evelyn Sophia (2025) жүргізген халықаралық жүйелі шолу АТ технологияларының әртүрлі бұзылыстары бар білім алушылардың оқу жетістіктеріне, оқу үдерісіне қатысу белсенділігіне және дербестігіне оң әсер ететінін дәлелдейді. Автордың атап өтуінше, АТ технологияларын дұрыс енгізу білімге тең қол жеткізуді қамтамасыз етудің негізгі құралдарының біріне айналады, әсіресе көру, есту, қимыл-қозғалыс және сөйлеу бұзылыстары бар балалар үшін.

АТ технологияларының негізгі үш функциясы:

- цифрлық материалдарға қолжетімділікті қамтамасыз ету (дыбыстау, үлкейту, интерфейсін бейімдеу);

- коммуникацияны қолдау (ААС құралдары);

- құрылғыларды басқарудың баламалы тәсілдерін ұсыну (экрандық пернетақталар, Mouse Keys).

Интерактивті сервистер мен визуализация құралдары

Сабақты құрылымдау, көрнекі қолдау көрсету және бірлескен жұмысты ұйымдастыру үшін қолданылады:

Miro – интерактивті тақта;

Padlet – интерактивті карточкалар мен материалдар жинағы;

Canva – сызбалар, карточкалар және көрнекі нұсқаулықтар әзірлеу құралы.

Диагностика және мониторинг құралдары:

Google Classroom – жеке тапсырмаларды ұйымдастыру және оқу жетістіктерінің динамикасын бақылау;

Classtime – бейімделген тестілеу жүйесі.

Цифрлық технологиялардың функционалдық мүмкіндіктерін талдау (қолжетімділік):

субтитрлер (YouTube, BilimLand);

мәтінді дыбыстау (NVDA, Narrator, Edge «Дауыстап оқу»);

визуалды сызбалар (Canva, Miro).

Дәстүрлі ассистивті технологиялар (Assistive Technologies, АТ) мәтінді дыбыстау немесе ақпаратты енгізудің баламалы тәсілдерін ұсыну арқылы физикалық кедергілерді жоюға бағытталған. Ал жасанды интеллект (ЖИ) негізіндегі заманауи жүйелер бұл қолдауды жаңа сапалық деңгейге көтеріп, білім алушының когнитивтік ерекшеліктеріндегі өзгерістерді ескере отырып, оқу траекториясын нақты уақыт режимінде бейімдей алатын динамикалық оқу ортасын қалыптастырады.

ЖИ ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды дараландыру, диагностикалау және қолдау бағытында кең мүмкіндіктер ұсынады. Мұндай жүйелер ақпаратты меңгеру үдерісінде қиындықтар туындайтын кезеңдерді (мысалы, дискалькулия кезінде) автоматты түрде анықтап, тапсырмаларды қателіктің негізгі себебін жоюға бағыттап бейімдей алады. Интеллектуалды оқыту жүйелері (ITS) мен виртуалды көмекшілер жедел кері байланыс пен бейімделген қолдау көрсетіп, оқытудың қолжетімділігі мен тиімділігін арттыруға, сондай-ақ когнитивтік кедергілерді еңсеруге ықпал етеді.

3-бөлім. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған жеке оқу жоспарын әзірлеу және оның мазмұндық құрылымы

3.1. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған жеке оқу жоспарын әзірлеудің ұйымдастырушылық негіздері

Жеке оқу жоспарының (ЖОЖ) мақсаты – техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушы үшін барынша тиімді оқу үдерісін қамтамасыз ету. Бұл оның жеке әлеуетін ашуға, оқу және әлеуметтік өмірде жетістіктерге жетуіне, сондай-ақ жеке білім беру қажеттіліктері мен зияткерлік мүмкіндіктерін ескере отырып, кәсіби білім алуына жағдай жасайды.

Жеке оқу жоспары бойынша оқыту білім алушының бейімделген білім беру бағдарламасын меңгеруіне, негізгі және кәсіби құзыреттерді қалыптастыруына, сондай-ақ оның әлеуметтік ортаға бейімделуі мен кәсіби бағдарлануын қамтамасыз етуге бағытталады.

ЖОЖ мазмұны, оқу қарқыны және оқыту шарттары бейімдеуді талап ететін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС) талаптарын толық көлемде меңгеруде қиындықтары бар, мүмкіндігі шектеулі және зияткерлік дамуында жеңіл немесе орташа деңгейдегі ерекшеліктері бар білім алушылар үшін әзірленеді.

Жеке оқу жоспарының (ЖОЖ) негізгі міндеті – кәсіби білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету, оқу үдерісіне бейімделмеу қаупінің алдын алу, академиялық үлгермеушілік тәуекелін төмендету және білім алушының болашақта жұмысқа орналасуына жағдай жасау.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушының білім беру үдерісін жобалау және оның жеке білім беру траекториясын қалыптастыру жүйелі тәсілді талап етеді және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі мамандарының қатысуымен жүзеге асырылады.

Жеке оқу жоспары (ЖОЖ) командалық жұмыс негізінде әзірленеді. Бұл жұмысқа білім беру ұйымы басшысының орынбасарлары, жалпы білім беретін және кәсіби пән оқытушылары, педагог-психолог, әлеуметтік педагог және топ жетекшісі қатысады.

ЖОЖ әзірлеу білім беру үдерісін дараландыру қажеттілігін растайтын нақты құжаттарға сүйене отырып жүргізіледі. Оларға мыналар жатады:

- психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (ПМПК) ұсынымдары;
- негізгі орта білім туралы аттестат (БТ немесе НОБ сериясы) және оның қосымшасы;
- оқу барысында жүргізілген психологиялық-педагогикалық бақылау мен диагностика нәтижелері (сүйемелдеу қызметінің ұсынымдары).

ПМПК ұсынымдары болмаған жағдайда, білім беру ұйымы 18 жасқа толмаған білім алушыны ата-анасының (заңды өкілдерінің) келісімімен психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жіберуді бастамалай алады.

ТжКББ ұйымдарының тәжірибесінде жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) әзірлеудің келесі жағдайлары кездеседі:

1) Қабылдау кезінде ПМПК ұсынымдары болған жағдайда.

Оқуға түсуші тиісті үлгідегі аттестатты және оқытуды дараландыру қажеттілігі көрсетілген ПМПК ұсынымдарын ұсынады. Бұл жағдайда ЖОЖ оқу басталғанға дейін әзірленеді.

2) ПМПК ұсынымдары болмаған, бірақ білім беру құжаттары бар жағдайда.

Талапкер ПМПК ұсынымдарын ұсынбауы мүмкін. Алайда БТ сериялы аттестат және мектеп бағдарламасын меңгеру ерекшеліктері (аттестатқа қосымшада көрсетілген) білім беру үдерісін бейімдеу қажеттілігінің бар екенін көрсетеді.

Аттестатқа қосымшада білім алушының қандай жағдайда жүзеге асырылғаны көрсетіледі: арнайы мектепте, жалпы білім беретін мектептің арнайы сыныптарында немесе инклюзивті сынып жағдайында жеке білім беру бағдарламасы бойынша (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы №39 бұйрығына сәйкес, аттестатқа қосымшаның 6-нысаны).

Осыған байланысты колледждің психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі білім алушының білім алу мүмкіндіктеріне бастапқы бағалау жүргізіп, оның жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) әзірлеудің орындылығы туралы шешім қабылдайды. Бұл білім алушыға кәсіби білімді қолайлы жағдайларда меңгеруге мүмкіндік береді.

3) Оқу үдерісінде білім беру қиындықтарын анықтау

Оқуға қабылдау кезінде білім алушыда ресми ұсынымдар немесе шектеулер болмауы мүмкін. Дегенмен, оқу үдерісі барысында оқытушылар білім беру бағдарламасын меңгеруде жүйелі түрде байқалатын қиындықтарды анықтайды.

Бұл жағдайда психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің отырысы (немесе колледждің педагогикалық кеңесінің отырысы) өткізіліп, тиісті хаттама ресімделеді және жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) әзірлеу туралы шешім қабылданады.

Жеке оқу жоспары білім алушының ата-аналарын немесе заңды өкілдерін міндетті түрде хабардар ете отырып және олардың келісімі негізінде әзірленеді.

ЖОЖ білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі және білім алушының даму динамикасын ескере отырып, мерзімді түрде қайта қарауға жатады.

ЖОЖ әзірлеудің маңызды кезеңдерінің бірі – білім алушының алдыңғы білім беру тәжірибесін аттестат және оған қосымша негізінде талдау болып табылады. БТ сериялы аттестат мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарынан ерекшеленетін білім беру бағдарламасының меңгерілгенін куәландырады.

Аттестатқа қосымша меңгерілген пәндердің тізбесін, оларды меңгеру деңгейін және академиялық олқылықтардың бар-жоғын айқындауға мүмкіндік береді. Аталған мәліметтер ЖОЖ мазмұнын түзету үшін негіз болып табылады және бейімдеуге, алмастыруға немесе алып тастауға жататын пәндер тізбесін айқындауға мүмкіндік береді.

Тәжірибеде негізгі орта білім туралы НОБ сериялы аттестаты бар білім алушылардың колледжге түсу жағдайлары жиі кездеседі. Мұндай кезде аттестатқа қосымшада білім алушы меңгермеген пәндердің (көбінесе күрделі жаратылыстану-ғылыми пәндердің) көрсетілуі мүмкін.

Бұл білім алушының аталған пәндерді толық көлемде меңгеру мүмкіндігі шектеулі болғанын білдіреді. Сондықтан бұл жағдай жеке оқу жоспарын әзірлеу барысында міндетті түрде ескерілуі тиіс.

Аталған деректер негізінде білім алушының жалпы білім беретін мектепте инклюзивті сынып жағдайында жеке білім беру бағдарламасы бойынша білім алғаны туралы қорытынды жасауға болады.

Осыған байланысты жеке оқу жоспарын әзірлеу кезінде білім алушының алдыңғы білім беру тәжірибесі, қалыптасқан білім, білік және дағдылар деңгейі, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі мамандарының ұсынымдары кешенді түрде ескерілуі қажет.

БТ сериялы аттестат аталған тұлғаның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес толық емес негізгі орта білім алғанын куәландырады.

3.2. Жеке оқу жоспарының құрылымы мен мазмұны

Жеке оқу жоспары (ЖОЖ) келесі бөлімдерді қамтиды:

- жалпы білім беретін пәндер;
- базалық және кәсіби модульдер;
- аралық және қорытынды бағалау түрлері.

Сонымен қатар ЖОЖ-да келесі көрсеткіштер айқындалады:

- оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі;
- білім алушының жеке оқу кестесі.

ЖОЖ мазмұны келесі факторларды ескере отырып анықталады:

- білім алушының жеке білім беру қажеттіліктері;
- оның зияткерлік даму деңгейі;
- мамандардың ұсынымдары;
- таңдалған мамандық пен біліктілік талаптары.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) әзірлеу кезінде жалпы білім беретін пәндер мен таңдалған мамандыққа сәйкес кәсіби модульдер (пәндер) арасындағы теңгерімді сақтау маңызды болып табылады.

Модульдер мен пәндерді бейімдеу олардың мазмұны мен ұсынылу формасын оңтайландыру мақсатында жүзеге асырылады. Бұл мүмкіндігі шектеулі студенттердің оқу материалын өздерінің когнитивтік және физикалық ерекшеліктеріне сәйкес тиімді меңгеруіне жағдай жасайды.

Жалпы білім беретін пәндер оқу жоспарының құрылымында сақталады, алайда олардың мазмұны мен көлемі бейімделуі мүмкін.

Бейімдеу келесі бағыттарды қамтиды:

- теориялық материал көлемін қысқарту;
- мазмұнын оңтайландыру;
- оқытудың тәжірибелік бағытын күшейту;
- көрнекі және тәжірибелік оқыту әдістерін қолдану;
- жекелеген тақырыптарды меңгеруге бөлінетін уақытты ұлғайту;
- күрделі тақырыптарды тәжірибеге бағытталған тапсырмалармен алмастыру;
- электрондық білім беру ресурстарын пайдалану;
- білім алушының зияткерлік мүмкіндіктеріне сәйкес бейімделген жұмыс дәптерін қолдану (ЖОЖ аясында).

Мысалы, зияткерлік бұзылыстары бар білім алушылар үшін «Математика» пәнінің мазмұны қысқартылып, оңтайландырылуы мүмкін. Теориялық материалда күнделікті өмірмен және болашақ кәсіби қызметпен байланысты тәжірибеге бағытталған тапсырмаларға басымдық беру орынды. Ұсынылатын тапсырмалар нақты өмірлік жағдайларда қолданылатын қарапайым арифметикалық амалдар мен есептерді қамтиды. Атап айтқанда: шығындарды есептеу, қажетті материалдардың мөлшерін анықтау, қарапайым өлшеулер жүргізу және басқа да тәжірибелік әрекеттер.

Кәсіби модульдер таңдалған біліктілік талаптарын және білім алушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып қалыптастырылады.

Модульдерді бейімдеу келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылуы мүмкін:

- тәжірибелік оқытудың үлес салмағын арттыру;
- тапсырмаларды кезең-кезеңімен ұйымдастыру;
- теориялық материалдың күрделілік деңгейін оңтайландыру;
- тәжірибеге бағытталған тапсырмалар жүйесін қолдану;
- өндірістік оқыту мен тәжірибенің ұзақтығын ұлғайту;
- арнайы жабдықталған жұмыс орындарында оқыту процесін ұйымдастыру.

Мысалы, техникалық мамандықтарды меңгеретін білім алушылар үшін теориялық дайындықпен салыстырғанда тәжірибелік оқытудың үлес салмағын арттыру педагогикалық тұрғыдан орынды болып табылады. Бұл құралдармен

және жабдықтармен жұмыс істеуді, сондай-ақ нақты өндірістік операцияларды орындауды қамтиды. Күрделі оқу және өндірістік тапсырмалар педагогикалық тұрғыдан құрылымдалып, бірізді әрі өзара байланысты кезеңдерге бөлінуі тиіс. Осындай тәсіл кәсіби біліктердің кезең-кезеңімен қалыптасуын қамтамасыз етіп, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу материалын тиімді меңгеруіне қолайлы жағдай жасайды.

Қол еңбегіне немесе шығармашылық қызметке байланысты мамандықтарды меңгеретін білім алушылар үшін жеке оқу жоспарына олардың болашақ кәсіби қызметімен тікелей байланысты модульдер мен пәндер енгізіледі (мысалы: еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау негіздері, материалтану, технологиялық жабдықтармен және құралдармен жұмыс істеу негіздері).

Инклюзивті топ жағдайында білім беру бағдарламасын меңгеретін ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін меңгеруі едәуір қиындық туғызатын жалпы білім беретін пәндердің жекелеген сағаттарын өндірістік оқыту шеберінің жетекшілігімен жүргізілетін өндірістік оқыту сағаттарымен алмастыруға жол беріледі. Аталған пәндер біліктілік алудың негізін құрамайтын және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына қайшы келмейтін жағдайда осындай өзгерістер енгізіледі.

Жекелеген пәндер өндірістік оқыту шеберімен жеке жұмыс форматындағы тәжірибе сағаттарымен алмастырылуы немесе оқу жоспарынан алынып тасталуы мүмкін. Бұл жағдайда олар білім алушының тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған қосымша жеке сабақтармен толықтырылады.

Зияткерлік дамуында бұзылыстары бар білім алушыларда кәсіби дағдыларды қалыптастыру үшін орындалатын әрекеттерді көп мәрте қайталау маңызды екені педагогикалық тәжірибеде дәлелденген.

Жеке оқу жоспары шеңберінде өндірістік тәжірибені ұйымдастыру және іске асыру өндірістік оқыту шеберіне жүктеледі. Ол білім беру бағдарламасының талаптарына және ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушының денсаулық жағдайына байланысты жеке мүмкіндіктеріне сәйкес кәсіби білік пен дағдылардың қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Өндірістік оқыту шебері тиісті мамандық пен біліктілік бойынша білім беру бағдарламасында көзделген оқу нәтижелеріне негізделі отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушы үшін өндірістік оқыту мен кәсіби даярлаудың жеке бағдарламасын әзірлейді. Оқу нәтижелерін меңгеру білім алушының жеке қарқынын ескере отырып, неғұрлым ұзақ кезеңге бөлініп, оқу мерзімі бойы кезең-кезеңімен жүзеге асырылуы мүмкін.

Білім алушының болашақ еңбек қызметіне қажетті бастапқы кәсіби дағдыларды қалыптастыруға басымдық беріледі.

Кәсіби даярлаудың жеке бағдарламасы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметімен келісіліп, білім беру ұйымының басшысы тарапынан

бекітіледі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушының жеке оқу жоспарының (ЖОЖ) ажырамас бөлігі болып табылады (жеке оқу жоспарының үлгісі 1-қосымшада ұсынылған).

3.3. Жеке оқу жоспарын іске асыру мониторингі және оқу нәтижелерін бағалау

ЖОЖ-ды іске асыру барысында білім алушының оқу жетістіктеріне жүйелі және тұрақты мониторинг жүргізіледі. Бұл ретте бағалаудың сандық және сапалық әдістері кешенді түрде қолданылады.

Оқу нәтижелерін бағалау келесі нысандар арқылы жүзеге асырылады:

- ағымдағы бақылау;
- аралық аттестаттау;
- тәжірибелік жұмыстар;
- тестілеу;
- ауызша сұрау.

Бағалау критерийлері білім алушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді және оның басқа білім алушылармен салыстырмалы үлгеріміне емес, жеке оқу жетістіктерінің ілгерілеуін бағалауға бағытталады.

ЖОЖ-ды іске асыру қорытындысы бойынша психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі білім беру маршрутының тиімділігін талдайды. Мониторинг нәтижелері ЖОЖ-ға түзетулер енгізуге, пәндерді меңгеру қарқынын өзгертуге, оқу мазмұны мен оқыту нысандарын бейімдеуге, сондай-ақ жеке оқу жоспарын іске асыруды жалғастыру, уақытша тоқтату немесе аяқтау туралы шешім қабылдауға негіз болады.

Мониторинг нәтижелері тиісті хаттамамен ресімделеді және жеке оқу жоспарын іске асыруды жалғастыру, өзгерту немесе аяқтау үшін негіз болып табылады.

ЖОЖ-ды меңгеру аяқталғаннан кейін менталдық бұзылыстары бар білім алушылар үшін қорытынды аттестаттау өткізіледі, ол демонстрациялық емтихан түрінде ұйымдастырылуы тиіс. Бұл ретте білім алушының білім деңгейі мен қалыптасқан білік, дағдылары ғана емес, сондай-ақ жеке оқу жоспарын меңгеру тиімділігі де бағаланады.

Соның ішінде оқу мерзімдерінің сақталуы, білім алушы тап болған қиындықтар, сондай-ақ қосымша жұмыс пен қолдауды қажет ететін бағыттар ескеріледі.

Мониторинг пен аттестаттау білім беру үдерісінің үздіксіз құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Бұл үдеріс білім алушының қосымша қолдауға деген қажеттіліктерін уақтылы айқындауға, білім беру модульдерінің мазмұнын түзетуге және оқу бағдарламасын меңгерудің жеке қарқынын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін ЖОЖ-ды нәтижелі меңгерудің маңызды көрсеткіштерінің бірі – тәжірибелік сабақтар

© НАО «Талар», 2026

Осы құжат авторлық құқық объектісі болып табылады.

Құқық иеленушінің жазбаша рұқсатынсыз пайдалануға, көшіруге, көбейтуге, таратуға, өзгертуге және үшінші тұлғаларға беруге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тыйым салынады

мен өндірістік тәжірибе барысында кәсіби дағдыларды жүйелі түрде бекіту болып табылады.

4-бөлім. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуды іске асырудың нәтижелілігі мен сапасын бағалау

4.1. Инклюзивті білім беру үдерісінің сапасын кешенді бағалаудың тиімді құралдары

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар түлектердің кәсіби ортаға тиімді кірігуі кешенді тәсілді іске асыру жағдайында мүмкін болады. Бұл тәсіл келесі бағыттарды қамтиды:

- сапалы кәсіби даярлықты қамтамасыз ету;
- бейімделген жұмыс орындарын құру;
- жұмысқа орналасудың барлық кезеңдерінде сүйемелдеуді ұйымдастыру.

Колледжде ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді оқыту кезеңінде болашақ түлектердің кәсіби ортаға табысты кірігуіне бағытталған жүйелі жұмыс жүргізу ұсынылады. Негізгі бағыттар ретінде мыналар айқындалады:

Кәсіби және коммуникативтік дағдыларды дамыту:

рөлдік ойындар ұйымдастыру және жұмыс жағдайларын модельдеу, мысалы: «Жұмыс берушімен әңгімелесу», «Жұмыс орнындағы мінез-құлық», «Тапсырманы нақтылау», «Қызметкер–басшы диалогы»;

тайм-менеджмент құралдарын қолдану: «Көрнекі нұсқаулар арқылы күнделікті жоспар құру»;

өзін-өзі таныту (self-advocacy) дағдыларын қалыптастыру, соның ішінде сұраныстарды дұрыс жеткізу және жеке шекараларды белгілеу. Бұл ретте көмекші әдістер мен карточка-нұсқаулар пайдаланылады: «Қайталап жіберіңізші», «Мен дұрыс түсіндім бе...», сондай-ақ күйзелісті төмендетуге арналған тыныс алу жаттығулары.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар түлектерді жұмысқа орналастыруда жұмыс берушілерге қолдау көрсету:

- жұмыс орнын бейімдеуге арналған чек-парақты бірлесіп әзірлеу;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттің тәлімгеріне арналған жадынама дайындау;
- жанжалды жағдайларды шешу бойынша консультациялар жүргізу (мысалы, даму ерекшеліктері бар қызметкердің мінез-құлқы);
- бейімделу кезеңінде түлекке колледж тарапынан куратор бекіту;
- қажет болған жағдайда жұмыс орнын техникалық жабдықтау бойынша ұсынымдар беру.

Жұмыс берушілерді жүйелі қолдау және ерекше білім беру қажеттіліктері бар түлектерді кәсіби бейімделу кезеңінде сүйемелдеу олардың жұмыс орнында тұрақты орнығуына және еңбек ұжымына табысты кірігуіне жағдай жасайды.

Оқу кезеңінде кәсіби мотивацияны қалыптастыру және еңбекке оң көзқарасты дамыту маңызды мәнге ие. Осыған орай ерекше білім беру

қажеттіліктері бар тұлғаларды кәсіби бағдарлау, кәсіби білім алуға ынталандыруды дамыту, жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу және әлеуметтік-мәдени интеграциялау «Абилимпикс» халықаралық қозғалысының негізгі мақсаттары болып табылады.

«Абилимпикс» – ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған халықаралық бастама. Ол қатысушылардың әртүрлі бағыттар бойынша кәсіби дағдыларын көрсетуіне мүмкіндік беретін кәсіби шеберлік жарыстары жүйесін қамтиды.

Жарыстарға дайындық келесі бағыттарды қамтиды:

- арнайы кәсіби дағдыларды дамыту;
- заманауи технологияларды меңгеру;
- негізгі кәсіби құзыреттерді қалыптастыру.

Жарыстарға дайындық жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің кәсіби дағдылары деңгейін бағалау үшін арнайы оқу жоспары негізінде әзірленген құзыреттер картасын қолдану ұсынылады. Аталған құрал білім алушының даярлық деңгейін жүйелі бағалауға және оның конкурстық тапсырмалар барысында кәсіби дағдыларды көрсету дәрежесін айқындауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №536 бұйрығына сәйкес, техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары білім алушыларының құзыреттер картасы мен әлеуметтік жетістіктер картасы келесі бағыттарда қолданылатын міндетті құрал болып табылады:

- білім алушылардың даярлық деңгейін жүйелі бағалау;
- жеке білім беру және кәсіби даму траекторияларын жоспарлау;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың hard skills және soft skills дағдыларын ескере отырып, инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру.

4.2. Құзыреттер картасы

Құзыреттер картасы – түлектің даярлық деңгейін жүйелі түрде сипаттайтын, оның кәсіби құзыреттерді меңгеру дәрежесін айқындайтын бағалау құралы болып табылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге арналған құзыреттер карталары білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес бейімделген шынайы мақсаттар мен міндеттерді қамтиды. Аталған карталарда тапсырмалардың тәжірибелік маңыздылығына және оларды бейімдеу үдерісіне басымдық беріледі, бұл студенттердің кәсіби ортаға табысты кірігуіне ықпал етеді.

Құзыреттер картасы – белгілі бір кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін қажетті негізгі құзыреттер мен дағдылар кешенін жүйелендірілген түрде

сипаттайтын құжат болып табылады. Аталған дағдылар дәстүрлі түрде бірнеше санатқа жіктеледі:

базалық құзыреттер - кәсіби қызметті жүзеге асыруға қажетті іргелі білімдер мен біліктер;

кәсіби құзыреттер - болашақ мамандықпен тікелей байланысты арнайы білімдер мен дағдылар;

өзін-өзі реттеу дағдылары - мәселелерді дербес шешу, жұмыс үдерісін тиімді ұйымдастыру, ұжымда өзара әрекеттесу және нәтижелі коммуникация орнату қабілеттері.

Құзыреттер картасында әрбір дағды бойынша бағалау критерийлері айқындалады, бұл білім алушылардың даярлық деңгейін объективті бағалауға және олардың тәжірибелік құзыреттілігін жан-жақты анықтауға мүмкіндік береді.

«Абилимпикс» қозғалысы шеңберінде құзыреттер картасы чемпионаттарды ұйымдастырудың нормативтік-әдістемелік негізі ретінде қолданылады. Чемпионаттар барысында қатысушылар кәсіби дағдыларының қалыптасу деңгейін нақты өндірістік ортаға барынша жақындатылған жағдайларда көрсетеді. Бұл құрал жұмыс берушілерге болашақ мамандардың кәсіби даярлық деңгейі мен тәжірибелік құзыреттілігін объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Аталған тәсілді іске асыру оқу нәтижелерін мониторингтеу мен бағалаудың жүйелі тетіктерін қолдануды талап етеді. Көрсетілген тетіктер студенттердің кәсіби және әмбебап (надпрофессиональный) құзыреттерінің қалыптасу деңгейін объективті түрде айқындауды қамтамасыз етеді.

Осы тұрғыда инклюзивті білім беру үдерісінің сапасын кешенді бағалау құралдарының құрылымдық моделін ұсыну орынды. Аталған модель келесі құрамдас бөліктерді қамтиды:

- құзыреттер картасы (hard skills және soft skills);
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің тиімділік портфелі;
- студенттің кәсіби дамуын жүйелі сүйемелдеуді және оқу ілгерілеуін мониторингтеуді қамтамасыз ететін жеке мансаптық даму жоспары.

Инклюзивті білім беру үдерісінің сапасын кешенді бағалау құралдарының құрылымдық моделі

Құрал	Мақсаты	Бағалау нысаны	Негізгі мазмұны	Тәжірибелік нәтижесі
-------	---------	----------------	-----------------	----------------------

Hard & Soft skills (құзыреттер картасы)	Кәсіби және әмбебап құзыреттердің қалыптасу деңгейін диагностикалау	Кәсіби және тұлғалық дағдылар	Hard skills (кәсіби біліктер, технологиялар, жабдықтар) Soft skills (коммуникация, жауапкершілік, командада жұмыс істеу) Дамудың деңгейлік шкаласы	Өндірістік тәжірибеге, демонстрациялық емтиханға, жұмысқа орналасуға және ұжымдық өзара әрекетке дайындық деңгейін объективті бағалау
Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттің тиімділік портфелі	Жетістіктердің жеке динамикасын тіркеу	Оқу, кәсіби және әлеуметтік нәтижелер	Өндірістік тәжірибе нәтижелері Жобалар мен жұмыстар Сертификаттар, конкурстар Тәлімгерлердің пікірлері	Студенттің кәсіби даярлығының дәлелді базасын қалыптастыру
Жеке мансаптық даму жоспары	Жеке кәсіби траекторияны қалыптастыру	Студенттің мансаптық мақсаттары мен мүмкіндіктері	Қысқа және ұзақ мерзімді мақсаттар Кәсіби өсу кезеңдері Жұмыс орнын бейімдеу бойынша ұсынымдар	Бәсекеге қабілеттілікті арттыру және еңбек нарығына табысты кірігу

$\frac{3}{4}$ Құзыреттер картасы дағдылардың қалыптасу деңгейін айқындайды (құзыреттер картасының үлгісі 2-қосымшада ұсынылған).

$\frac{3}{4}$ Тиімділік портфелі білім алушының жетістіктері мен даму динамикасын растайды.

$\frac{3}{4}$ Жеке мансаптық даму жоспары кәсіби траекторияны жүйелі түрде қалыптастырады.

Қорытынды: инклюзивті білім беру сапасын арттыру және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың табысты жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету.

Қосымша 1

Бекітемін:

Колледж басшысы

_____ тегі, аты,
әкесінің аты (болған жағдайда)

«__» _____ 202__ ж.

_____ оқу жылына арналған

Студенттің жеке оқу жоспары

Студенттің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Мамандығы: _____

Біліктілігі: _____

Оқу түрі және мерзімі: _____

Курсы: _____

Оқыту тілі: _____

	Модул коды	Модуль атауы	Сағат саны	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, ғылыми атағы)
курсы				
Негізгі компонент				
1	ЖББ	Жалпы білім беру пәндер модулі	540	оқытушылар
2	ЖММ	Жалпыға міндетті модульдер (жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер)	120	
	ЖММ 01			
	ЖММ 02			

	ЖММ 03			
3	БМ	Базалық модульдер (жалпы кәсіптік пәндер)	48	
	БМ 01			
4	КМ	Кәсіптік модульдер (арнайы пәндер)		
	КМ 01			
	КМ 02			
	КМ 03			
	КМ 04			
5	АА	Аралық аттестаттау		
6	ҚА	Қорытынды аттестаттау		
	Міндетті оқыту көлемі бойынша жиыны			
	К	Консультация		
	Ф	Факультативтік сабақтар		
	Барлық сағат саны			

Басшының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары: _____ (ТАӘ.)
(қолы)

Бөлім меңгерушісі _____ (ТАӘ.)
(қолы)

Топ жетекшісі _____ (ТАӘ.)
(қолы)

Ата-анасы / заңды өкілі _____ (ТАӘ.)
(қолы)

Қосымша 2

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы
30 желтоқсандағы №536 бұйрығына

ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР КАРТАСЫ

Техникалық және кәсіптік білім туралы дипломға қосымша (_____ сериялы № _____ дипломсыз жарамсыз)

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда):

Мамандығы: 02140100 Сәндік қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері (бейін бойынша)

Біліктілігі (біліктіліктер): 3W02140102 Көркемөнер бұйымдарын дайындаушы

АЛЫНҒАН НӘТИЖЕЛЕР (БАЛДАР) — 100,00 / 100,00 балл КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ

Код	Құзыреттер атауы	Оқу нәтижелерінің атауы	Қорытынды бағалау (балл)
КҚ 01	Көркем бұйымдарды безендіруге арналған эскиздік композицияларды орындау	РО 1.1. Көркемдік сауаттылықтың қарапайым негіздерін меңгеру. РО 1.2. Көркем бұйымдарды безендіруге арналған композицияның қарапайым ережелерін меңгеру. РО 1.3. Көркем композицияларды жасау кезінде қолмен өңдеудің қолжетімді түрлерін қолдану.	100
КҚ 02	Сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын орындау	РО 2.1. Жұмыс орнын және жабдықтарды дайындау. РО 2.2. Қауіпсіз және қолжетімді материалдармен жұмысты орындау. РО 2.3. Бейнелеу өнерінің қарапайым әдістерін қолдану. РО 2.4. Сәндік-қолданбалы өнердің негізгі ережелерін қолдану. РО 2.5. Сәндік-қолданбалы өнердің қарапайым бұйымдарын жасау.	100

КҚ 03	Көркем және/немесе сувенирлік бұйымдарды дайындау	РО 3.1. Жұмыс орнын және жабдықтарды дайындау. РО 3.2. Қауіпсіз және қолжетімді материалдармен жұмысты орындау. РО 3.3. Бұйымдарды безендіруге арналған қарапайым идеяларды әзірлеу және жұмысты жоспарлау. РО 3.4. Қарапайым көркем және/немесе сувенирлік бұйымдарды жасау. РО 3.5. Өз жұмысының дәлдігі мен сапасын тексеру.	100
КҚ 04	Тәжірибелік және шығармашылық жұмыстарды орындау	РО 4.1. Бұйымдарды дайындау үшін жұмыс орнын, құралдар мен жабдықтарды дайындау. РО 4.2. Көркем бұйымдарды орындауға арналған материалдар мен құралдарды дайындау. РО 4.3. Материалдарды біріктірудің қарапайым технологияларын меңгеру. РО 4.4. Технологиялық үдеріс нұсқаулықтарына сәйкес қарапайым бұйымдарды дайындау.	100

Басшының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары: _____ (ТАӘ.)
(қолы)

Топ жетекшісі _____ (ТАӘ.)
(қолы)